5) Лассуэлл моделі ақпаратты жүйелі және құрылымды жеткізуге мүмкіндік берсе, AIDA моделі тұтынушының эмоциялық реакциясын басқарудың тиімді құралы ретінде қолданылады. Бұл екі модельді үйлестіре қолдану әлеуметтік желілердегі коммуникация кездейсоқ емес, тұтынушы мінез-құлқының нақты заңдылықтарына сүйенетінін көрсетті.

6) Әлеуметтік желілерде тек өнім сипаттамасымен шектелмей, маусымдық оқиғалар, жаһандық трендтер және өзекті қоғамдық тақырыптар бойынша уақтылы реакция білдіру–аудиторияның қызығушылығын арттырудың және брендтің медиа кеңістіктегі белсенділігін күшейтудің тиімді құралы. Осындай контент брендтің заманауи, сергек және тұтынушы өміріне жақын екенін айқындап, оның беделін және сенімділігін арттырады.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік желілердегі тиімді коммуникациялық стратегияларды қалыптастыруға ғылыми және практикалық негіз береді. Алынған тұжырымдар отандық және халықаралық брендтерге, сондай-ақ маркетинг және қоғаммен байланыс саласындағы мамандарға құнды әдістемелік бағдар ұсына алады. Алдағы уақытта коммуникацияның жаңа форматтарын, тұтынушылардың ақпарат қабылдау модельдерінің өзгерісін және жасанды интеллекттің әлеуметтік желілердегі рөлін тереңірек зерттеу өзекті ғылыми бағыттардың бірі болмақ.

Авторлардың қосқан үлесі

Қожасова А.Б. – мақаланың тақырыбы бойынша ақпараттар жинап, талдаулар жүргізу, баяндау, редакцияға ережеге сәйкес ұсыну.

Саурбаева А.Ж. – тақырып бойынша зерттеу еңбектерінің тізімін жасап, тақырып бойынша зерттеу әдістерін анықтау, өзектілігі мен мақсатын айқындау, толықтырулар мен түзетулер енгізу, редакциялау, ғылыми стильде жазу.

Байгожина Д.О. – теориялық бағытты түсіндіру, ұсыныстар беру, мақаланың академиялық сапасын қамтамсыз ету.

Әдебиеттер тізімі

1. Kemp S. Digital 2024: Deep Dive – 5 Billion Social Media Users [Электрондық ресурс]. URL: <https://datareportal.com/reports/digital-2024-deep-dive-5-billion-social-media-users> (өтініш берген күні: 06.01.2025).
2. Нурпеисова Г.Б., Нурпеисова Т. Б., Кайдаш И. Н., Панюкова Д. В. Цифрлы маркетинг / Цифровой маркетинг: оқу құралы. – Алматы: Бастау, 2020. – 360 б.
3. Окай А., Окай А., Тұржан О. Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы: оқулық / түрік тілінен ауд.: Арыстанова Г. – Алматы: Эверо, 2015. – 524 б.
4. Бернейс Э. Кристаллизация общественного мнения. – Санкт-Петербург: Питер, 2021. – 200 б.
5. Халилов Д. Маркетинг в социальных сетях. – 2-е изд. – Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2014. – 240 б.
6. Interbrand. Best Global Brands 2024 [Электрондық ресурс]. URL: <https://interbrand.com/best-brands/> (өтініш берген күні: 08.11.2024)
7. Тұржан О. Имиджелогия: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2015. – 256 б.
8. Котлер Ф. Основы маркетинга. Краткий курс. – Москва: Издательский дом «Вильямс», 2007. – 656 б.
9. Lasswell H.D. The structure and function of communication in society // Bryson L. (ed.). The communication of ideas. – New York: Harper & Brothers, 1948. – 37–51 б.
10. Бекболатұлы Ж., Сандыбай А., Әзімшайық Е. Жарнама. Жұртшылықпен байланыс. Брендинг. – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2012. – 333 б.
11. Шындалиева М.Б. БАҚ-тағы жарнама технологиясы: оқу құралы. – 3-ші басылым. – Алматы: Эверо, 2015. – 256 б.
12. Росситер Дж., Перси Л. Реклама и продвижение товаров. – Санкт-Петербург: Питер, 2000. – 651 б.
13. Тажибаева Ж.О. Бренд-менеджмент: оқу құралы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 118 б.

А.Б. Кожасова, А.Ж. Саурбаева, Д.О. Байгожина

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Социальные сети как инструмент взаимодействия между брендом и потребителем

Аннотация. Роль социальных сетей в современной медиасистеме значительно возросла и стала важным механизмом установления оперативного и персонализированного взаимодействия между брендом и потребителем. Такое развитие стало основанием для пересмотра стратегий брендов и внедрения новых подходов. В статье объектом исследования выступают официальные страницы компаний Apple, Samsung и Xiaomi на платформах Instagram и YouTube.

Цель исследования – сравнительный анализ коммуникационных стратегий брендов в социальных сетях и выявление наиболее эффективных подходов. Контент-анализ был проведён на основе моделей AIDA и Гарольда Лассуэлла по публикациям за сентябрь, октябрь и ноябрь 2024 года. В результате сопоставления количественных и качественных показателей установлено, что успех коммуникации зависит от качества контента, частоты публикаций, визуальной и содержательной последовательности, а также способности устанавливать эмоциональную связь с аудиторией. Результаты исследования подчеркивают необходимость разнообразия контента, учета особенностей целевой аудитории, а также своевременного и системного использования актуальных трендов для эффективного взаимодействия брендов с их потребителями в социальных сетях. Таким образом, выводы исследования могут служить основой для разработки практических рекомендаций, способствующих формированию устойчивого интереса и потребительской лояльности в условиях высокой цифровой конкуренции.

Ключевые слова: социальные сети, бренд, потребитель, коммуникационная стратегия, контент, модель Лассуэлла, модель AIDA.

A.B. Kozhassova, A.Zh. Sauyrbaeva, D.O. Baigozhina
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Social media as a tool for interaction between brands and consumers

Abstract. The role of social networks in the modern media system has significantly increased, becoming an important mechanism for establishing prompt and personalized interaction between brands and consumers. This development has laid the foundation for brands to reconsider their strategies and implement new approaches. This study examines the official Instagram and YouTube pages of Apple, Samsung, and Xiaomi. The aim is to conduct a comparative analysis of these brands' communication strategies on social media and to identify the most effective approaches. Content analysis was conducted based on the AIDA model and the Lasswell model, using content published in September, October, and November 2024. The comparison of quantitative and qualitative indicators revealed that successful communication depends on content quality, publication frequency, visual and conceptual consistency, and the ability to establish an emotional connection with the audience. The results emphasize the importance of content diversification, consideration of the target audience's characteristics, and the timely and systematic use of relevant trends to ensure effective interaction between brands and their consumers on social media. Thus, the research findings can serve as a foundation for developing practical recommendations aimed at fostering sustained consumer interest and loyalty in a highly competitive digital environment.

Keywords: social networks, brand, consumer, communication strategy, content, the Lasswell model, the AIDA model.

References

1. Kemp S. Digital 2024: Deep Dive – 5 Billion Social Media Users [Electronic resource]. Available at: <https://datareportal.com/reports/digital-2024-deep-dive-5-billion-social-media-users> (accessed: 06.01.2025).

2. Nurpeisova G.B., Nurpeisova T.B., Kaidash I.N., Paniukova D.V. Tsyfryly marketing / Tsifrovoy marketing [Digital marketing]. Textbook. (Almaty, 2020, 360 p.) [in Kazakh].
3. Okay A., Okay A., Turzhan O. Pablik rileyshnz teoriyasy men praktikasy [Public relations: theory and practice]. (Almaty, 2015, 524 p.) [in Kazakh].
4. Bernays E. Kristallizatsiia obshchestvennogo mneniia [Crystallizing public opinion]. (Saint Petersburg, 2021, 200 p.) [in Russian].
5. Khalilov D. Marketing v sotsialnykh setiakh [Marketing in social networks]. (Moscow, 2014, 240 p.) [in Russian].
6. Interbrand. Best Global Brands 2024 [Electronic resource]. Available at: <https://interbrand.com/best-brands/> (accessed: 08.11.2024).
7. Turzhan O. Imidzhelogiia [Imageology. Textbook.]. (Almaty, 2015, 256 p.) [in Kazakh].
8. Kotler F. Osnovy marketinga [Principles of Marketing]. (Moscow, 2007, 656 p.) [in Russian].
9. Lasswell H.D. The structure and function of communication in society. In: Bryson L. (ed.) The Communication of Ideas. (New York, 1948, 37–51 pp.)
10. Bekbolatuly Zh., Sandybai A., Azimshaiyk E. Zharnama. Zhurtshylykpen bailanys. Branding [Advertising. Public Relations. Branding]. (Astana, 2012, 333 p.) [in Kazakh].
11. Shyndaliev M.B. BAQ-taғы zharnama tekhnologiiasy [Advertising technologies in the media]. Textbook. 3rd ed. (Almaty, 2015, 256 p.) [in Kazakh].
12. Rossiter J., Percy L. Reklama i prodvizhenie tovarov [Advertising Communications and Promotion Management]. (Saint Petersburg, 2000, 651 p.) [in Russian].
13. Tazhibaieva Zh.O. Brand menedzhment [Brand management]. Textbook. (Astana, 2024, 118 p.) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет:

Қожасова А.Б. – корреспондент автор, 7М03214 – «Қоғаммен байланыс» БББ магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Саурбаева А.Ж. – PhD, журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Байғожина Д.О. – PhD, журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.

Қожасова А.Б. – автор-корреспондент, магистрант по ОП7М03214 – «Связь с общественностью», ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Саурбаева А.Ж. – PhD, старший преподаватель кафедры Телерадио и связь с общественностью, факультет Журналистики и социальных наук, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Байғожина Д.О. – PhD, и.о. доцент кафедры Телерадио и связь с общественностью, факультет Журналистики и социальных наук, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Kozhassova A.B. – corresponding author, master's student in the educational program 7M03214 –«Public Relations», Faculty of Journalism and Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Saurbayeva A.Zh. – PhD, Senior Lecturer at the Department of Television, Radio and Public Relations, Faculty of Journalism and Social Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Baigozhina D.O. – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Television, Radio and Public Relations, Faculty of Journalism and Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



FTAMP 19.41.07
MPHTI 19.41.07
IRSTI 19.41.07

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-152-3-139-154>

Қожа Ахмет Ясауи ілімі негізінде ақпараттық қоғамдағы журналистердің жауапкершілік мәселелері

А.Т. Бельдибекова  *

Әзірет-Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: aliya.bildebekova@ayu.edu.kz)

Аңдатпа. Мақалада цифрлық ақпараттық кеңістіктегі журналистік этика мен рухани тұтастық мәселесі қарастырылған. Жаңа медианың қарқынды дамуы рухани-адамгершілік құндылықтарды өзгертті. Осы тұрғыдан алғанда цифрлық этиканың мазмұны мен оның рухани тұтастықпен байланысы талданады. Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі кемелдікке жету концепциясы бүгінгі БАҚ қызметінде жауапкершілік пен адамгершілік бағдардың өзекті үлгісі ретінде ұсынылған. Бүгінгі журналистиканың міндеті – ақпараттық және рухани тұтастықты сақтау. Бұл мақалада сопылық ілімдерге негізделген цифрлық этика мен рухани тұтастықты біріктіретін журналистік тәжірибенің жаңа тәсілдері қарастырылады. 21 ғасырдағы журналистика ақпарат тарату құралы ғана емес, құндылықтарды таратушы күш ретінде де қызмет етеді. Ақпараттық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары тікелей қоғамдық сана мен рухани ахуалды қалыптастырады. Дегенмен, цифрлық кеңістіктің мүмкіндіктерімен қатар, рухани-адамгершілік сілкіністерді өршіту қаупі де бар. Қазақ руханиятында жеке адам мен қоғам арасындағы үндестік орталық ұстаным болып саналады. Бұл ұғым сопылық ілімде де кең таралған. Қожа Ахмет Ясауи мұрасындағы адамның ішкі кемелдігіне ұмтылу идеясы заманауи журналист тұлғасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Медиа кеңістігінде ақпараттық-сауықтыру (инфо-сауықтық) контенті басым. Бұл тұтынушының назарын аударады, бірақ рухани мазмұннан алшақтатып, жеке тұлғаның тұтастығын бұзады. Әлеуметтік желідегі манипуляциялық мазмұн, өшпенділік және жалған жаңалықтар тек қоғамдық пікірге ғана емес, адамның дүниетанымына да әсер етеді. Бұл жағдайдан шығу үшін бұқаралық ақпарат құралдарының этикалық жауапкершілігін арттыру қажет. Ясауидің ниет тазалығы, іс-әрекетке жауапкершілік, парасаттылық ұстанымдары қазіргі цифрлық этика талаптарына сай келеді. Мақалада отандық БАҚ-тағы рухани мазмұнды қалыптастыру жолдары мен журналистік тәжірибенің этикалық аспектілері де қарастырылған.

Түйін сөздер: цифрлық этика, рухани тұтастық, журналистика, ақпараттық қоғам, Ясауи, медиа жауапкершілік

Түсті: 1.07.2025; Мақұлданды: 23.08.2025; Онлайн қолжетімді: 30. 09.2025

Кіріспе

Ақпараттық қоғам жағдайында журналистиканың әлеуметтік-рухани қызметі бұрынғыдан да күрделі әрі маңызды бола түсті. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, интернет пен әлеуметтік желілердің кеңінен қолданылуы қоғамдық коммуникация құрылымын түбегейлі өзгертті. Ақпаратты тұтыну және өндіру үдерісі жеделдеген сайын ақпарат иелерінің, яғни журналистер мен медиа алаң иелерінің жауапкершілігі де артты. Бұрын тек ресми БАҚ арқылы таралатын жаңалықтарды енді блогерлер, қолданушылар алгоритмдері түрлі формада жариялайды. Бұл жағдай цифрлық этика мәселесін пікір білдіруші ретінде журналистиканың жауапкершілік саласына батыл енгізді.

Цифрлық этика енді тек IT саласының ғана мәселесі емес, журналистиканың да өзекті ажырамас бөлігіне айналып отыр. Жалған ақпарат тарату, авторлық құқықты бұзу, жеке өмірге қол сұғу, визуалды немесе мәтінді жаңылыстыру секілді жәйттер журналистің кәсіби және моральдық қасиетін айқындайтын критерийлерге айналды. Оның үстіне БАҚ арқылы таралатын кез келген ақпарат оқырманның рухани күйіне әсер етіп, дүниетанымына, адамгершілік таңдауына әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан журналистикадағы этикалық нормалар мен рухани тұтастық арасындағы байланыс ақпараттық қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі.

Бұл мәселе қазақстандық қоғам үшін ерекше маңызға ие. Өйткені ұлттық болмысымыз, тарихи-рухани тамырымыз тереңде жатқан құндылықтармен тығыз байланысты. Қазақ даласының сопылық дәстүрі мен ислам философиясы адамның ішкі кемелдігін, рухани жауапкершілігін, сөз тазалығын атап көрсетеді. Атап айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі рухани тұтастық, ой тазалығы, адамгершілік пен жауапкершілік идеялары қазіргі цифрлық ақпарат құралдарында адамгершілік бағыт-бағдар беруге маңызды рухани негіз бола алады.

Осы орайда журналистиканың бүгінгі миссиясы тек ақпарат жеткізумен ғана шектелмейді. Оны қоғамдық сананы қалыптастыратын, рухани тұтастықты сақтайтын күш ретінде де қарастырған жөн. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы таралатын контенттің сапасы мен мазмұны ел болашағына әсер ететін рухани ахуалдың көрінісі. Журналистиканың әрбір элементі (тақырып таңдау, фактілерді көрсету, реңк және екпін) аудиторияға әсер ететін құндылық бағдарға айналады. Сондықтан цифрлық этика мен рухани тұтастықты бір-бірінен ажырату мүмкін емес. «Әлем-дік қауымдастықтың ақпараттық қоғамға көшуі, ең алдымен, адамдардың санасы мен мәдени деңгейін өзгертуді талап етеді. Олар өздерінің мінез-құлқы мен қарым-қатынас формаларын түбегейлі өзгертуге, сондай-ақ құндылықтар мен мақсаттар туралы жаңа идеяларды меңгеруге тиіс, бұл ақпарат пен білімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін жоғары дамыған ақпараттық жүйенің көмегімен ғана мүмкін болады» (Романович, 2002, 123 б.).

Цифрлық журналистика жылдамдық пен интерактивтілікке негізделген. Дегенмен, бұл үрдістер көбінесе фактілерді бұрмалау, рейтингтерді манипуляциялау және жалған ақпаратты тарату сияқты этикалық мәселелермен бірге жүреді. Жаңа медиадағы журналистік этика талаптары өзгеруде:

1. Ақпараттың шынайылығы мен сенімділігі
2. Қайнар көзге адалдық
3. Оқырманның сана деңгейіне әсер ету жауапкершілігі
4. Моральдық бейтараптыққа емес, адамгершілікке негізделген ұстаным

Бұл мақалада цифрлық этика ұғымының мәні, оның журналистикадағы көрінісі, сондай-ақ қазіргі журналистиканың құндылық тұғырнамасын қалыптастырудағы Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі рухани тұтастықтың рөлі талданады.

Ақпараттық кеңістіктегі коммуникацияның ерекшеліктерін зерттеу барысында Д.Балабекұлы былай дейді: «Цифрландырудың және ақпаратты таратудың заманауи желілік технологияларының пайда болуымен адам үшін вербалды коммуникацияның мағыналық құндылығы айтарлықтай төмендеді, бұл арнайы емес білімнің толық жоғалуымен байланысты. Бұл біздің нақты адамдармен емес, олардың виртуалды байланыстарымен (коммуникациялар) онлайн режимінде өзара әрекеттесу және қарым-қатынас жасау себебінен орын алады. Жанама түрде онлайн ақпараттық технологиялар қарым-қатынастың тұлғааралық ерекшеліктерін жоғалтады, ал офлайн режимінде бұл ерекшеліктер нақты емес білімнің объектіленуі арқылы оңай қабылданады, сондықтан біз басқа адамдармен онлайн қарым-қатынаста болған кезде, қабылдайтын нәрсе шынымен де сөйлесетін адамның жеке басының және мінез-құлқының көрінісі болып табылады ма деген сұраққа жауап бере алмаймыз. Ақпараттық кеңістікте өздері зиянсыз деп есептейтін, психологиялық жағымсыз сезім тудырмайтын ақпаратты ғана жариялап, оны көпшілікке ұсыну» (Балабекұлы Д, 2020; 32). Бұл жерде автор цифрлық қоғамдағы ақпараттық мәдениет, ақпаратты таратудың жауапкершілігі мен еркіндігі мәселесін көтереді. Біздің де мақсат ақпараттық дәуірдегі журналистердің кәсіби қызметі мен рухани жауапкершілігінің арақатынасын мойындай отырып, цифрлық кеңістіктегі ақпаратты өндірушілер мен тұтынушыларға рухани-этикалық бағыт-бағдар беру.

Зерттеу әдістері

Мақалада заманауи журналистикадағы цифрлық этика мен рухани тұтастық ұғымдарын талдау, олардың өзара байланысын ашу үшін кешенді сапалы зерттеу әдістері қолданылады. Зерттеу барысында келесі әдістемелік тәсілдер қолданылды:

Контентті талдау (контент талдау). Жаңа медиада жарияланған журналистік материалдар мен медиаконтенттердің мазмұнына талдау жүргізіліп, олардың этикалық және рухани өлшемдері айқындалды. Мазмұнды талдау әдісін қолдану арқылы сандық этикаға қайшы келетін мазмұн үлгілері мен моральдық-философиялық бағыттағы материалдарға салыстырмалы зерттеулер жүргізілді. Зерттеу нысаны қазақстандық жетекші медиа-платформалар (egemen.kz, informburo.kz, massaget.kz), сондай-ақ әлеуметтік желілердегі танымал ақпараттық беттер мен блогер контенті болды.

1. Жағымсыз контентке мысал (цифрлық этикаға қайшы)

1-мысал : Clickbait тақырыптар және манипуляция

Медиа платформасы: informburo.kz немесе кейбір жаңалық порталдары

Мазмұн үлгісі: «Түркістанда жантүршігерлік оқиға болды!» – деген атаумен ұсынылған материал шын мәнінде тұрмыстық кикілжің жайында.

Талдау: Бұл – аудиторияның эмоциясын теріс жағынан қоздыру арқылы трафик жинауға бағытталған. Ақпараттың мағынасы бұрмаланған, этикалық нормалар мен адал журналистика принциптері бұзылған.

2-мысал: Агрессия мен кекшіл риторика

Блогер контенті: TikTok, Instagram-дағы кейбір ықпалды контент жасаушылар.

Мазмұн үлгісі: Бейнежазбада блогер «қоғамға қарсы» деп көрсетілген адамдарды келемеждеп, агрессивті үнмен шабуыл жасайды.

Талдау: Бұл – хейтспич (жек көрушілік тіл) үлгісі. Цифрлық этика тұрғысынан адам құқығы, жеке абырой мен көпшілік санаға кері әсері бар.

2. Жағымды контентке мысал (моральдық-философиялық бағыттағы)

1-мысал: Рухани құндылықтарды насихаттайтын сұхбат

Медиа платформасы: massaget.kz

Мақала: «Сабыр – адамның ішкі тірегі» атты психологпен сұхбат

Талдау: Бұл материал рухани иммунитетті, құндылықтар мен ішкі тәртіпті алға тартады. Сұхбат этикалық және гуманистік мазмұнға толы.

2-мысал: Қоғамдық ізгілікке бағытталған видеожоба

Платформа: YouTube / Instagram

Контент: Блогер @bir_kun (бейресми мысал) – күнделікті өмірдегі қарапайым мейірімділік актілерін көрсететін бейнелер.

Талдау: Бұл – этикалық-позитив контенттің үлгісі. Мұндай материалдар адамның ішкі жан дүниесіне әсер етеді, рухани рефлексия тудырады.

3. Салыстырмалы талдау мысалы:

Қ/с	Критерий	Цифрлық этикаға қайшы контент	Рухани-этикалық контент
1	Тақырып	Ашық эмоционалдық манипуляция	Құндылыққа негізделген
2	Тілі	Өркөкірек, провокациялық	Сабырлы, түсіндіруші
3	Мақсаты	Қызығушылық, хайп	Ағарту, ой салу
4	Аудиториямен жұмыс	Эмоцияны қыздыру	Тәрбие мен рухани тереңдікке жетелеу
5	Нормалар	Цифрлық этиканы бұзады	Цифрлық мәдениетті сақтайды

Бұдан шығатын қорытынды контент талдау әдісі арқылы жоғарыдағыдай нақты мысалдармен жұмыс істеу қоғамдағы рухани медиасауаттылық деңгейін анықтауға, жаңа медиадағы этикалық кодекстердің тиімділігін бағалауға, жағымды үлгілерді жүйелеу мен ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-аналитикалық әдіс. Салыстырмалы аспектіде цифрлық этика категориясының заманауи концепциялары (Батыс және отандық философтардың еңбегі) және Қожа Ахмет Ясауи ілімінің рухани ұстанымдары қарастырылады. Бұл әдіс дәстүрлі руханият пен заманауи цифрлық кеңістіктің құндылық шекарасы мен үйлесімділігін зерттейді.

Бүгінгі ақпараттық қоғамда адамның онлайн кеңістіктегі әрекеттері оның моральдық бейнесінің бір бөлігіне айналды. Бұл ұғымды Батыс философиясы контекстінде Л.Флориди кеңінен дамытқан. Оның «Ақпараттық этика» теориясында адам «цифрлық тұлға» ретінде қарастырылады. Яғни, адам интернеттегі әрбір іс-әрекеті арқылы моральдық агент ретінде қалыптасады. Оның желідегі сөзі, таңдауы, тіпті үнсіздігі де – моральдық сипатқа ие.

Осы идеяны Қожа Ахмет Ясауи сопылық іліміндегі рухани тұтастық ұстанымымен салыстыруға болады. Ясауи былай дейді: «Тілің пәк болмаса, зікір айтып не қылдың, Ішің арам болса, қылғаныңнан не қайыр?!» (Қожа Ахмет Ясауи, 2007)

Бұл хикмет жолдары адамның ішкі ниеті мен сыртқы амалының сәйкестігін руханияттың басты өлшемі ретінде ұсынады. Яғни, тілде зікір айтып, жүректе рия болса – бұл рухани тұтастықтың бұзылуы. Мысалы, қазіргі цифрлық кеңістікте кейбір адамдар әлеуметтік желіде ізгі сөздер айтып, діни немесе рухани мазмұнды таратқанымен, басқа аккаунтта аноним түрде кибербуллингке қатысуы мүмкін. Бұл жағдайда адамның сыртқы әрекеті мен ішкі ниеті үйлеспей, тұлғалық тұтастығы бұзылады. Бұл құбылысты Флориди цифрлық этиканың бұзылуы деп сипаттаса, Ясауи жалған сопылық немесе ниет пен амалдың алшақтығы деп ұғындырады. Батыс философтарының цифрлық этика, ақпараттық тұтыну және тұлғалық жауапкершілік туралы концепциялары Қожа Ахмет Ясауидің рухани-этикалық ілімімен үндеседі. Екеуінде де басты құндылық адамның ішкі жауапкершілігі мен рухани тұтастығы. Ясауи ілімі цифрлық заманда да өзектілігін жоғалтпай, жаңа мазмұнмен қайта түйсінуді талап етеді.

Философиялық талдау. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегіндегі рухани-этикалық ұстанымдар герменевтикалық тәсіл (мәтінді терең түсіндіру, мағынасын ашу) арқылы талданды. Осылайша, сопылық мәтіндердегі рухани тұтастық ұғымын қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында қалай қолдануға болатыны нақтыланды. Төменде нақты мысалдармен расталған бірнеше бағыттар ұсынылды.

1. Даналықтағы рухани тұтастық қағидасы: Мәтіннен мысал: «Денең таза емес болса, намаздан не пайда?». «Тілің арам болса, зікір оқығаннан не пайда...» (Қожа Ахмет Ясауи, 2007).

Герменевтикалық түсініктеме: Бұл жолдар рухани тұтастық сыртқы әрекеттер мен ішкі ниеттердің бірізділігін қажет ететінін көрсетеді. Яғни, шынайы діндарлық жай ғана ғұрыптық қасиет емес, рух пен тәннің үйлесімділігін бейнелеу.

Қазіргі ақпараттық қоғамда қолдану барысы. Мысалға, әлеуметтік желіде діни немесе этикалық мазмұнды тарататын адам өмірінде де, мінез-құлқында да осы мазмұнға сәйкес болуы керек. Әйтпесе, рухани екіжүзділік (жеке тұлға мен цифрлы бейне арасындағы алшақтық) пайда болады.

Цифрлық тұтастық принципі: біздің заманымыздағы даналықтың ішкі және сыртқы бірлігі принципін шынайы өмірдегі желідегі мінез-құлық пен әрекеттердің бірлігі ретінде түсіндіруге болады.

2. Ясауи іліміндегі нәпсіге қарсы күрес (жеке жауапкершілік). Мәтіннен мысал: «Нәпсінің жетегінде жүрсең, құлшылығың бекер», «Ақиқат жолы – өзін жеңген адамның жолы» (Қожа Ахмет Ясауи, 2007).

Герменевтикалық түсініктеме: Сопылық ілімде ішкі күрес – рухани кемелдікке апаратын бірден-бір жол. Міне, адам өз қалауын біліп, өзіне үнемі сын көзбен қарайды. Қазіргі қоғамдағы көрінісі: Ақпараттың шамадан тыс жүктелу жағдайында (жалған жаңалықтар, манипуляциялық мазмұн) адам өз қалауын орындап, тек «ұнайтынын» бөлісе алады. Ақпаратты тексеру, саналы түрде тарату және цифрлық өкіну ұғымдары рухани тұтастықты сақтау үшін маңызды.

3. Ясауидегі ұстаз бен ақиқат іздеуші арасындағы байланыс. Мәтіннен мысал: «Білім оқы, шейхыңның айтқанын тыңда», «Ұстаз сөзі – шындықтың сырын ашатын шырақ» (Қожа Ахмет Ясауи, 2007). Түсініктеме: Білім жай деректер емес, рухани өсудің құралы. Ұстаз – ақиқат жолындағы жол көрсетуші. Ағымдағы эквивалент: Цифрлық қоғамда блогерлер, тренерлер және нұсқаушылар сияқты «цифрлық мұғалімдердің» саны артты. Бірақ рухани-этикалық жауапкершіліктің жоқтығынан олар теріс жолға түседі. Ясауи айтқандай, цифрлық кеңістіктегі әрбір ықпалды тұлға ұстаз, яғни ол рухани жауапкершілікті көтеруі керек.

4. Қарапайымдылық пен адалдық принципі. Мәтіннен мысал: «Мен тәкаппар болдым, күнәһар болдым», «Мен өзімнің шынайы махаббатымды іздеу барысында таптым. Қазір мен шындыққа ғашықпын» (Қожа Ахмет Ясауи, 2007). Түсініктеме: Ясауи өткенмен күресіп, рухани шындыққа жетуді көрсетеді. Бұл адамның ішкі азаттығы, өз қатесін сезіну арқылы жетілдірілуі. Ағымдағы мысал: Цифрлық ортада адамдар өздерін идеалды деп елестетеді. Ал шынайылық өз кемшілігін танып, басқалармен шынайы байланыс орнатуда жатыр. «Цифрлық тәкаппарлықтан» арылу идеясын Ясауи ілімінен алуға болады.

«Диуани Хикметтің» рухани-этикалық ұстанымдары қазіргі цифрлық қоғамда ішкі тазалықты, өзара жауапкершілікті, саналы тұтынушылықты және желілік мінез-құлық адалдығын қамтамасыз етудің әдіснамалық негізі бола алады.

Пәнаралық байланыс. Зерттеу барысында философия, дінтану, медиа этикасы, мәдениеттану және журналистиканың өзара байланысты аспектілері ескерілді. Бұл көзқарас ақпараттық қоғамдағы рухани құндылықтардың трансформациясын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Цифрлық кеңістікте этикалық тұтастықты қамтамасыз ету мәселесін зерттейтін ғалымдар бұл саланың күрделі, көп қырлы және үнемі өзгеріп отыратын сипатына ерекше назар аударады. Мысалы, Лучано Флориди мен Маттео Турилли ақпараттың ашықтығы мен этикалық принциптерді теңестіру қажеттігін атап көрсетеді. Олар цифрлық этика тек ақпараттық ағындарды бақылау мен реттеудің шекараларын белгілейтін жүйе ғана емес, сонымен қатар қоғам игілігіне бағытталған «ақпараттық әл-ауқаттың» сапасын қамтамасыз ету құралы деп санайды. Ашықтық, құпиялылық және анонимділік сияқты ұғымдар осы жүйенің ішкі этикалық механизмдері болып табылады және саналы түрде реттелмесе, ақпараттың бұрмалануына және моральдық тұтастықтың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Этикалық принциптер мен ашықтық арасындағы қарым-қатынас этикалық қағидаттарды ақпаратпен растау қажет болғанда сақталады. Этикалық принциптер ақпарат ағынын шектейтін және әл-ауқаттың «мүмкіндіктері» ақпаратты көпшілікке ашуға байланысты болған кезде реттеуші қатынастар сақталады.

Құпиялылық, анонимдік және авторлық құқық ақпарат ағынын реттейтін этикалық принциптердің типтік мысалдары болып табылады. Ақпараттың ашықтығы жалған, жаңылыстыратын, толық емес немесе орынсыз ақпарат жалпыға қолжетімді болған кезде жоғарыда аталған барлық этикалық принциптерді бұзуы мүмкін (Matteo Turilli, Luciano Floridi, 2009).

Осы тұста Шэннон Валлордың пікірі бұл көзқарасты тереңдете түседі. Ол цифрлық платформалар, әсіресе әлеуметтік желілер бізді этикалық нормаларды үнемі қайта қарауға мәжбүрлейтін әлеуметтік-технологиялық құбылыс ретінде қарастырылады деп санайды. Оның айтуынша, жаңа медиа тәжірибесі дәстүрлі моральдық нормаларды ғана емес, сонымен қатар осы нормаларға негізделген талдау негізін де үнемі өзгертіп отырады. Бұл цифрлық этиканың статикалық емес, динамикалық және контекстік құбылыс екенін көрсетеді. «Сонымен қатар, біртұтас ақпараттық этиканы құру мүмкіндігіне әлеуметтік медиа сияқты жаңа әлеуметтік-технологиялық тәжірибелер этикалық нормаларды үнемі қайта анықтап отырады деген конструктивистік көзқараспен қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан біздің әлеуметтік медиа мен онымен байланысты технологияларды талдау біздің болжамды талдау объектісі үшін өзгермелі негізде ғана емес, сонымен бірге өзгеретін негізден де жүруге мәжбүр болады» (Vallor, Shannon, 2022).

Осылайша, Флориди ақпараттың құрылымы мен қозғалысына этикалық шектеулер қоюдың маңыздылығын атап көрсетсе, Валлор бұл ақпарат өзара әрекеттесетін орта – әлеуметтік технологиялар – осы шектеулерді үнемі өзгертетінін көрсетеді. Бірі цифрлық моральды жүйелеуге ұмтылса, енді бірі бұл жүйенің үнемі өзгеріп тұратынын ескертеді. Бұл екі ұстаным қазіргі ақпараттық қоғамда этиканың тұтастығын қамтамасыз етудің қиындығын, сондай-ақ жеке және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Талқылау

Ақпараттық қоғам жағдайында журналистиканың этикалық міндеттері мен рухани жауапкершілігі жаңа міндеттерге тап болды. Бұрын тек теориялық деңгейде қарастырылған кәсіби этика мен моральдық қағидалар қазір цифрлық медианың нақты практикалық кеңістігінде қайта қарастырылып отыр. Жаңалықтарды тарату жылдамдығы, ақпарат ағынының үздіксіздігі және платформалар арасындағы бәсекелестік журналистік контенттің мазмұны мен сапасына тікелей әсер етеді. Бұл тенденция журналистиканы кәсіби дағдылардың жиынтығы ретінде ғана емес, ең алдымен рухани-адамгершілік өлшемдермен өлшенетін қажеттілігін көрсетеді.

Бұл тұрғыда медианың жаңа форматтарын, әсіресе мультимедиялық құралдарды (бейне блогтар, подкасттар, әлеуметтік желілердегі интерактивті контент және т.б.) кеңінен қолдану журналистикаға да жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл құралдар ақпараттың дәстүрлі түрлерін заманауи технологиялармен үйлестіре отырып, әсіресе жастар аудиториясымен тиімді қарым-қатынас алаңына айналдырады. Бұл журналистиканың ақпарат беру қызметімен қатар, мәдени-рухани көпір болу миссиясын, бірақ жаңа сипатпен жалғастыратынын көрсетеді. «Жаңа медианың тағы бір ерекшелігі – заманауи

форматтармен мультимедиялық мүмкіндіктерді кеңінен қолдану. Мәселен, бейнеблогтар мен подкасттар ұлттық дискурсты жастар аудиториясына жақындатудың тиімді жолы» (Филатова, О., Волковский, 2020; 88). Осылайша, цифрлық дәуірдегі журналистика тек технологиялық бейімделу ғана емес, рухани және этикалық жаңғырудың алаңы ретінде де көрінеді. Контент сапасы мен кәсіби жауапкершілік арасындағы тепе-теңдік, сондай-ақ руханилық пен цифрлық құралдардың үйлесімділігі заманауи медианың негізгі өлшеміне айналуға.

1. Журналистік мазмұндағы цифрлық этиканың кемшіліктері

Контентті талдау барысында бірқатар отандық медиа-ресурстарда (informburo.kz, tengrinews.kz, orda.kz, massaget.kz және т.б.) және әлеуметтік медиа платформаларында (Instagram, Facebook, TikTok) жарияланған жаңалықтар мен репортаждар зерделенді. Сондай-ақ, Clickbait тақырыптары (мысалы, «Сенбейсің, бұл рас!» немесе «Бұл ақпаратты бәрі жасырып жатыр!») оқырманның назарын аудару үшін пайдаланылды, бірақ ақпараттың мазмұны шындықтан алыс немесе эмоциялық манипуляцияға негізделген болып шықты. Көптеген материалдардың атрибуты немесе бастапқы ақпараты болмады. Бұл фактчекинг процесінің әлсіздігін көрсетеді. Әлеуметтік желілерде таралатын бірқатар бейнелер жеке өмірге қол сұғуды, жеке тұлғаларды қорлауды және деструктивті пікірлерді таратуды қамтиды. Кейбір жаңалықтар порталдары оқырмандардың реакциясын тудыру үшін әдейі арандатушылық немесе арандатушы сөздерді (ұлттық, діни, саяси тақырыптарда) пайдаланады. Бұл сандар цифрлық кеңістікте этикалық вакуумның пайда болуын және рухани басшылықсыз ақпаратты өндірудің салдарын көрсетеді.

2. БАҚ тәжірибесінде рухани тұтастық қағидаларының көрінісі

Дегенмен, отандық БАҚ-та жауапты журналистиканың жақсы үлгілері де баршылық. Мысалы: Egemen Qazaqstan, Elorda.info және Aiqyn.kz сынды БАҚ ұлттық құндылықтарды сақтауға, рухани-адамгершілік тақырыптарды насихаттауға, халықаралық этикалық стандарттарға сай сараптамалық қорытындылар беруге ерекше мән береді. «Қазақ радиосы», «Балапан» телеарнасы арналарында жасөспірімдерге арналған рухани-танымдық хабарлар беріледі. Бұқаралық ақпарат құралдарында Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен сопылық ілім туралы материалдар жарияланып, дәстүрлі руханиятты жаңғыртуға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Бұл мазмұн цифрлық журналистиканың рухани тұтастықпен үйлесетінін көрсетеді. Яғни, ақпарат пен адамгершіліктің, технология мен руханилықтың қатар өмір сүре алатынын дәлелдейді.

Қазіргі цифрлық қоғамда ақпаратты өңдеу мен пайдалануға байланысты көптеген мәселелер туындайды. Д.Белл өзінің «Ақпараттық қоғамның әлеуметтік шектері» атты еңбегінде ақпараттың қолжетімділігінен туындайтын проблемаларға тоқталды: «Тағы бір маңызды жайт, ақпаратты бақылауда ұстау оны жасыру немесе заңсыз жариялау сияқты теріс пайдалануды тудыруы мүмкін. Мұндай теріс әрекеттердің алдын алу үшін, әсіресе ақпараттық салада, институционалдық шектеулер қажет» (Белл Д.1986).

3. Қоғамдық сұраныс және цифрлық тұтыну мәдениеті

Қазақстанда жүргізілген бірқатар әлеуметтік зерттеулер (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, 2023 ж.) жастардың 70%-ы күніне 3 сағаттан

астам уақытын интернетте өткізетінін көрсетеді. Алайда олардың тек 15%-ы ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдайды және этикалық сүзгіні қолданады. Бұл цифрлық сауаттылық пен рухани иммунитеттің жоқтығын көрсететін фактор.

Мұндай аудиториямен жұмыс істейтін журналистер мен БАҚ мамандары да оқырмандар мен көрермендердің рухани сұранысын ескеруі тиіс. Бұл этикалық журналистика үшін жаңа сынақ. Рухани мазмұндағы медиа өнімдерді тұтынушылардың көбеюі осындай сұраныстың барын растайды.

«Интернет жаһандық деңгейде де, жергілікті деңгейде де әлеуметтік коммуникацияның негізгі алаңына айналды. Оған қол жеткізу сөз бостандығы мен баспасөз бостандығы қағидаттарына ұқсас негізгі этикалық принцип ретінде қарастырылуы керек. Еркін интернет бейбітшілік пен демократияны нығайтуға оң әсер етуі мүмкін, бірақ екіншіке орай, оны манипуляция мен билік құралы ретінде де пайдалануға болады», - дейді зерттеушілер (Бекенова, Нұрышева, Амиркулова, 2023, 10).

4. Практикалық ұсыныстар

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің рухани қағидаларын цифрлық журналистикаға бейімдей отырып, мынадай тәжірибелік ұсыныстар жасалады:

Рухани қағида	Журналистік тәжірибедегі көрінісі
Ниет тазалығы	Ақпаратты объективті және әділетті ұсыну
Жауапкершілік	Авторлық жауапкершілік, фактчекинг міндеті
Сабыр мен парасат	Қоғамдық резонанс кезінде байсалды ұстаным ұстану
Ақиқатты айту	Шынайы дерекке негізделген терең талдау жүргізу
Қоғамға қызмет ету	Рухани-ағартушылық контент өндіру

Бұл модель этикалық стандарттар мен рухани бағдарларды цифрлық медиаға біріктіруге мүмкіндік береді. Америкалық әлеуметтанушы И. Уоллерштейн ақпараттық қоғам туралы былай деп жазды: «Біз қалыптасқан жаһандық әлеуметтік құрылымнан, яғни жаһандық капиталистік экономикадан, басқа жаһандық жүйеге көшу дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл жақсы ма, жаман ба біз білмейміз. Бірақ бұл ауысу осы дәуірде өмір сүретіндер үшін қиын болатыны анық (Wallerstein, 1998).

Қазіргі журналистика тәжірибесі цифрлық мүмкіндіктер мен рухани және этикалық міндеттемелер арасындағы теңгерімді талап етеді. Ақпарат тек «тұтынуға» ғана емес, білімге де қызмет етуі керек. Демек, журналист жай контент жасаушы емес, қоғамдық сана мен руханияттың медиа айнасы. Цифрлық этиканы тек техникалық ереже емес, рухани тұтастықтың жалғасы ретінде түсіну ақпарат дәуіріндегі отандық журналистиканың негізгі қағидаларының біріне айналуы тиіс.

Отандық медиа кеңістігінде рухани контентке сұраныс бар, бірақ ұсыныс шектеулі. Өскелең ұрпақтың басым бөлігі БАҚ ақпаратын тұтынады, бірақ олардың рухани, мәдени және адамгершілік мәні бар мазмұнға қолжетімділігі шектеулі. Бұл БАҚ аудиториясы мен журналистиканың құндылық векторы арасында сәйкессіздік бар екенін көрсетеді. Осы орайда Ясауи іліміне негізделген рухани-этикалық үлгі цифрлық журналистикаға тиімді негіз бола алады. Үлгі ретінде ұсынылған келесі ұстанымдар: ниет тазалығы,

жауапкершілік, шыдамдылық, шындыққа адалдық және қоғамға қызмет ету кәсіби журналистикадағы этикалық нормаларды қалыптастыруға көмектеседі.

Қазақстанның БАҚ-та цифрлық сауаттылық пен рухани иммунитетті қатар дамыту қажет. Цифрлық этиканың теориялық негізі мен практикалық мысалдары ақпарат өндіруші (журналист) мен тұтынушы (аудитория) арасындағы өзара жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға негіз бола алады. Бұл медиа педагогика мен медиа мәдениеттегі жаңа бағыт ретінде ұсынылып отыр.

Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында цифрлық сауаттылық пен рухани иммунитетті қатар дамыту – ақпараттық қоғамның жаңа талаптарынан туындайтын күрделі міндет. Цифрлық этиканың теориялық негіздері мен практикалық мысалдары журналистер мен аудитория арасында өзара жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарындағы кәсіби парыз ғана емес, қоғамдық мәдениеттің, адамгершілік сананың, рухани ұстанымның көрсеткіші. Бұл бағытта медиапедагогика мен медиа мәдениеттің аясында саналы медиа тұтынушы мен жауапты медиа тұлғаны тәрбиелеу өзекті бола түсуде.

Цифрлық ортада барған сайын күрделі ақпараттық процестер этикалық, құқықтық және рухани аспектілерді қайта қарауды талап етеді. Ақпаратпен алмасу және алу тек техникалық дағды емес, моральдық жауапкершілікке негізделген әрекет екенін түсіну ақпараттық қауіпсіздіктің негізі болып табылады. Осыған байланысты, цифрлық этика аясында тек жеке тұлғалар үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де ақпаратпен өзара әрекеттесу мәдениетін дамыту маңызды. Осы тұста ақпараттық жауапкершілік ұғымының маңыздылығы арта түсуде: бұл цифрлық дәуірдегі тұлға мен қоғамның ортақ құндылығы.

«Қазіргі цифрлық әлемде ақпараттық қауіпсіздік жай ғана заңнамалық мәселе емес, жалпы қоғамның өміріне әсер ететін әлеуметтік-философиялық мәселе екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, цифрлық қоғамға тән негізгі рухани-адамгершілік құндылықтарды тұжырымдауға және ақпараттық қоғамдағы этикалық мәселелерді зерттеуге негізделген ақпараттық жауапкершіліктің мәні мен маңызы артып келеді». (Бекенова, Нұрышева, Әмірқұлова, 2023)

Жалпы, зерттеу нәтижелері журналистиканың болашағы этикалық нормалармен қатар, рухани тұтастық қағидаттарына негізделу керектігін көрсетті. Бұл тұжырымдар отандық БАҚ-тың құндылық трансформациясына, журналистердің кәсіби дайындығына және аудитория сеніміне тікелей әсер ететін ғылыми және тәжірибелік негіз болып табылады.

Қорытынды

Ақпараттық қоғамдағы журналистиканың рөлі ақпарат берумен ғана шектелмейді. Ол қоғамдық сана мен рухани кеңістікті қалыптастыратын маңызды әлеуметтік институт. Цифрлық медианың қарқынды дамуы этикалық мәселелерді бірінші орынға шығарды. Бұл өзгерістер журналистің кәсіби қасиеттерімен қатар оның рухани болмысына, адамгершілік ұстанымына тікелей байланысты екенін көрсетті.

«Журналистің міндеті, жауапкершілігі, кәсібилігі, қарапайымдылығы, мәдениеттілігі, қызметіндегі адалдығы мен әділдігі оның мамандығының нағыз белгісі». «Төртінші билік қоғамға өмір шындығын жеткізетін, қоғамдық пікірді қалыптастыратын, өтірік айтпайтын, жалған ақпарат таратпайтын, журналистік этиканың қасиетті қасиетін түсінетін» (Жақсылықбаева, Бәкенова, Бүркітбаева, Атай, 2023) деп есептейді.

Зерттеу журналистикадағы цифрлық этика концепциясын жай ғана формальды ережелер жиынтығы ретінде емес, терең адамгершілік пен ішкі руханиятқа негізделген тұтас дүниетаным ретінде қарастыру керектігін көрсетті. Осы орайда Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі рухани тұтастық қағидалары қазіргі журналистиканың құндылық негізін нығайта түсетін маңызды рухани бағдар бола алады. Ясауи дүниетанымында ерекше орын алатын ниет тазалығы, ақиқатқа адалдық, сабырлық пен даналық, жауапкершілік пен жан саулығы қағидалары қазіргі цифрлық кеңістіктегі ақпарат өндірушілер мен тұтынушылар үшін де өте өзекті. Бұл ұстанымдар рухани мұра ғана емес, цифрлық мәдениетте адам мен қоғам арасындағы өзара сенімге негізделген үйлесімділік өлшемі.

Цифрлық кеңістікте этикалық жауапкершілікпен қатар когнитивті жауапкершілік (эпистемикалық жауапкершілік) мәселесі де өткір болады. Әлеуметтік медиа платформалары ақпарат тарататын арна ғана емес, сенім мен білімнің әлеуметтік құрылымын өзгертетін күшке айналды. Осыған байланысты заманауи философиялық зерттеулерде алға қойылған «вице-эпистемология» (Кидд, Баттали, Кассам, 2020) тұжырымдамасы интернетте жалған сенімдер мен моральдық кемшіліктердің таралуы ақпаратты өндіруші мен таратушының жеке ниетімен ғана емес, сонымен қатар бүкіл цифрлық құрылымның қысқа құрылымымен байланысты екенін көрсетеді. Зерттеуші Регина Рини бұл құбылысты «эпистемалық ортақтардың трагедиясы» (Регина Рини, 2017) деп атайды және дезинформациямен күресті жеке моральдық шешімдер деңгейінде ғана емес, сонымен қатар институционалдық, жүйелі деңгейде де жүргізу керек деп болжайды.

Осы екі көзқарасты біріктіре отырып, цифрлық медиаға рухани-этикалық жауапкершілік пен сенім бір-бірінен бөлек қарастырылмайтын, бір-бірімен тығыз байланысты категориялар екені белгілі болады. Ясауи іліміндегі рухани тұтастық пен ниет тазалығы қағидалары қазіргі цифрлық этиканы жүйелі, құрылымдық деңгейде қайта қарауға мүмкіндік береді. Бұл ақпараттық ортада сенім мен шындықты қалпына келтіруге бағытталған терең рухани және мәдени негізделген қадамдардың бірі болмақ.

Сонымен қатар, қазақстандық медиа-кеңістікте этикалық нормаларды сақтауға бағытталған бастамалардың болуына қарамастан, рухани сипаттағы журналистік мазмұн үлесі мардымсыз болып қалып отырғаны айтылды. Бұл журналистикадағы рухани тұтастық пен мәдени иммунитетті жүйелі дамыту қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мынадай ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар беруге болады.

1. Цифрлық этика мен рухани тұтастықты қамтитын медиа этика кодекстерін әзірлеу. Ұлттық құндылықтар мен рухани нормаларға негізделген журналистер мен БАҚ қызметкерлеріне арналған кәсіби этика нұсқаулығын әзірлеу қажет.

2. Журналистика білім беру бағдарламаларына «Цифрлық этика және рухани құндылықтар» пәнін енгізу. Бұл болашақ журналистердің тұлғалық қасиеттері мен кәсіби жауапкершілігін дамытуға бағытталған.

3. Ясауи ілімі мен дәстүрлі руханият негізіндегі медиаконтент өндірісін қолдау. Аудио-визуалды контент пен оқу материалдарын насихаттау бойынша арнайы жобаларды жүзеге асыру қажет.

4. БАҚ ұйымдары мен редакцияларда этикалық кеңестер мен модераторлық топтарды құру. Бұл моральдық нормаларды бұзатын жалған жаңалықтар мен мазмұнды шектеуге көмектеседі.

5. Ақпаратты тұтынушылардың цифрлық сауаттылығын және рухани мәдениетін дамыту. Желілік этика, медиабілім, рухани иммунитет тақырыптарында қоғамдық ұйымдар мен БАҚ арқылы жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Бұл техникалық біліммен шектелмейтін, адамның ақпаратпен әрекеттесуінің моральдық, мәдени және танымдық принциптерін қамтитын күрделі процесс. Осы тұрғыдан алғанда, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ үшін желілік этика, медиабілім, рухани иммунитет тақырыптарында тәрбие жұмысын жүйелі жүргізудің стратегиялық маңызы зор.

Бұл қажеттілік қазіргі қоғамның ақпарат пен коммуникация дәуіріне өтуімен тығыз байланысты. Питирим Сорокин атап өткендей, «Ақпараттық технологияларды тікелей немесе жанама пайдаланбайтын адамды елестету мүмкін емес. Индустриалды қоғамнан ақпараттық-коммуникациялық қоғамға көшу коммуникация құралдарының қоғамдық өмірдің барлық салаларына енуімен, коммуникациялық құрылымдар мен процестердің сапалы жаңа түрінің пайда болуымен және дамуымен ғана емес, сонымен қатар коммуникацияның қайта қаралу сипатымен де бірге жүреді» (Сорокин, 2002:19). Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени коммуникация енді жай ғана ақпарат алмасу құралы емес, бүкіл әлеуметтік-мәдени процестің өзегі және оның негізгі тетіктерінің бірі ретінде танылды.

Бұл екі сала – цифрлық сауаттылық пен рухани иммунитет, сондай-ақ коммуникацияның әлеуметтік-мәдени сипаты бірін-бірі толықтырып, заманауи медиа мәдениеттің негізін құрайды. Ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны этикалық және рухани тұрғыдан сыни бағалап, сүзгіден өткізуге қабілетті тұтынушыны қалыптастыру әлеуметтік дамудың басты басымдылығына айналуы тиіс. Бұл болашақ ұрпақтың БАҚ қауіпсіздігін ғана емес, жалпы қоғамның рухани тұтастығын қамтамасыз етудің жолы.

6. Ғылыми қауымдастықтардың пәнаралық зерттеулері аясында цифрлық мәдениет пен руханият мәселелерін кеңейту. Философия, дінтану, психология мен медиатанудың тоғысқан тұсында жан-жақты ғылыми еңбек қажет.

Цифрлық этика бүгінгі журналистиканың негізгі кәсіби және рухани бағдарына айналуы тиіс. Рухани тұтастықсыз этика формальды, ал этикасыз журналистика қауіпті. Қожа Ахмет Ясауи ілімінің рухани ұстанымдары цифрлық журналистиканың ішкі мәдениетін қалыптастыруға маңызды негіз бола алады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық, тәрбиелік және рухани ықпалы қатар бағалануы тиіс. Бұл тұрғыда журналистің тұлғалық болмысы мен кәсіби жауапкершілігі ұлттық сана мен әлеуметтік тұрақтылықтың көрінісі.

Әдебиеттер тізімі

1. Романович А.Л., Урсул А.Д. На пути к устойчивому будущему // Устойчивое развитие. Наука и практика. – 2002. – № 1. – С. 123–131.

2. Балабекұлы Д. Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік-философиялық талдау: дис. ... PhD. – Алматы, 2020. – 122 б.
3. Turilli M., Floridi L. The ethics of information transparency//SSRN. 2009. [Электрондық ресурс] – URL: <https://ssrn.com/abstract=3844306> (өтініш берген күні: 29.08.2025).
4. Vallor S. Social Networks and Ethics // Stanford Encyclopedia of Philosophy (Fall 2022 Edition) / Eds. Edward N. Zalta, Uri Nodelman. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://plato.stanford.edu/archives/fall2022/entries/ethics-social-networking> (өтініш берген күні: 29.08.2025).
5. Filatova O., Volkovskii D. The online discourse as a form of e-Participation: the experience of internet discourse research // Proceedings of the 13th International Conference on Theory and Practice of Electronic Governance. – 2020. – № 3(1). – P. 326–333.
6. Белл Д. Социальные рамки информационного общества // Новая технократическая волна на Западе. – М.: Прогресс, 1986. – С. 330–342.
7. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет / ауд. Ә. Мұхамеджанұлы. – Алматы: Фолиант, 2007.
8. Wallerstein I. Utopistics, Or Historical Choices of the Twenty-First Century. – New York, 1998.
9. Аида Балаева журналистің этика мәселесін шешу бойынша бірқатар нақты шараларды ұсынды// www.gov.kz. 14.02.2024. – [Электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/press/news/details/706077?lang=kk> (өтініш берген күні: 29.08.2025).
10. Нұрмұратов С.Е. Заманауи әлеуметтегі рухани құндылықтардың рөлі мен мағынасы // Өркениеттер сұхбаттастығындағы ұлттық құндылықтар: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2024.
11. Бекенова Ж.Н., Нұрышева Г.Ж., Амиркулова Ж. А. Цифрлық қоғамдағы тұлға болмысының ерекшеліктері және жауапкершілік мәселесі // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2023. – № 3(111).
12. Жақсылықбаева Р.С., Бекенова Р. Ш., Бүркітбаева А. Ш., Атай Ш. А. Медиа этикадағы құқықтық қағидат және журналист жауапкершілігі // ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2023. – № 4(70).
13. Сорокин П. Человек. Цивилизация. Общество. – Москва, 2002.
14. Kidd I. J., Battaly H., Kassam K. Vice Epistemology. – New York: Routledge, 2020.
15. Rini R. Fake News and Party Epistemology // Kennedy Journal of Ethics. – 2017. [Электрондық ресурс].
16. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. «Қазақстан жастары»: әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық баяндама. – Астана, 2023.

А.Т. Бельдибекова

*Научный центр Ясауитану Национального историко-культурного музея-заповедника
«Азрет-Султан», Туркестан, Казахстан*

Проблемы ответственности журналистов в информационном обществе на основе учения Ходжа Ахмета Ясави

Аннотация. В статье рассматривается проблема журналистской этики и духовной целостности в цифровом информационном пространстве. Стремительное развитие новых медиа

трансформировало духовные и нравственные ценности. С этой точки зрения анализируется содержание цифровой этики и ее связь с духовной целостностью. Концепция достижения совершенства в учении Ходжи Ахмеда Ясави представлена как актуальная модель ответственности и моральной ориентации в современной медиадеятельности. Задача журналистики сегодня — одновременно сохранять информационную честность и духовную целостность. В данной статье рассматриваются новые подходы к журналистской практике, сочетающие цифровую этику и духовную целостность на основе суфийских учений. Журналистика XXI века выступает не только как средство распространения информации, но и как сила распространения ценностей. В информационном обществе СМИ являются непосредственным формирователем общественного сознания и духовного климата. Однако наряду с возможностями цифрового пространства существует и опасность того, что оно усугубит духовно-нравственные потрясения. В казахской духовности главным принципом считается гармония между человеком и обществом. Эта концепция также широко распространена в суфийских учениях. Идея стремления к внутреннему совершенству человека в наследии Ходжи Ахмеда Ясави играет важную роль в формировании личности современного журналиста. В медиaprостранстве заметно доминирование инфотейнментного (информационно-развлекательного) контента. Он хотя и привлекает внимание потребителя, но отвлекает от духовного содержания и разрушает личностную целостность. Манипулятивный контент, язык вражды, фейковые новости в социальных сетях влияют не только на общественное мнение, но и на мировоззрение отдельного человека. Чтобы выйти из этой ситуации, этическая ответственность СМИ должна возрасти. Принципы Ясави о чистоте намерений, ответственности за поступки и благоразумии соответствуют требованиям современной цифровой этики. В статье также представлены способы формирования духовного содержания в отечественных СМИ и этические аспекты журналистской практики.

